

Словения Республикасының Президенті Милан Кучанның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 18 қыркүйек N 143-ө

Қазақстан Республикасы мен Словения Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және Словения Республикасының Президенті Милан Кучанның Қазақстан Республикасына 2002 жылғы 22-24 қыркүйектегі ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі Астана, Алматы қалалары мен Алматы облысындағы протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Словения Республикасының Президенті Милан Кучанның Қазақстан Республикасына 2002 жылғы 22-24 қыркүйектегі ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі Астана, Алматы қалалары мен Алматы облысындағы ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Словения Республикасының ресми делегациясы мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және бизнес форумды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Словения Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Словения Республикасының Президенті арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып шығуын;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Астана қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы және Словения Республикасы

мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің, кәсіпкерлерінің қатысуымен бизнес
ф о р у м ы н ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз
е т с і н .

7. Астана, Алматы қалаларының және Алматы облысының әкімдері Словения
Республикасының ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу, Астана және
Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру
іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша)

Словения Республикасының Президенті Милан Кучанды Астана және Алматы
қалалар әуежайларында күтіп алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын.

9. Алматы қаласының әкімі Словения Республикасы Президентінің
құрметіне қабылдау ұйымдастырсын.

10. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 18 қыркүйектегі
N 143 өкіміне
қосымша

Словения Республикасы ресми делегациясының мүшелерін
орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету
жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Словения Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+1+10) және бірге
жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне,
Алматы қаласында "Хаятт Редженси" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және
оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Окан
Интерконтиненталь - Астана" және "Хаятт Редженси" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. 2002 жылғы 22-24 қыркүйекте сапарды өткізуге жұмылдырылған адамдар үшін

ұтқыр байланыс құралдарын (5 дана) жалға алу.

4. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар) дайындау.

5. Делегация басшысы үшін кәдесыйлар және сыйлық сатып алу.

6. Словения Республикасының ресми делегациясын Астана және Алматы

қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен зайыбы атынан Словения Республикасының Президенті М.Кучан мен зайыбының құрметіне Астана қаласында ресми қонақасы ұйымдастыру.

8. Астана қаласында бизнес форум өткізу үшін қажетті залды, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды, наушниктер мен микрофондарды жалға алуға ақы төлеу.

9. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.